

«КЕЛІСІЛДІ»

Рестұтынталабқадағалау
ҒӨҚ ЖАҚ
Дезинфектология ҒЗИ ҒФБМ
директорының у.м.а.,
м.ғ.д., профессор

/қол қойылған/ Н.В.Шестопапов


«14» қыркүйек 2016 ж.

/елтаңбалы дөңгелек мөр басылған:

Адамның әл-ауқатын және тұтынушылар құқығын қорғау аясын қадағалау жөніндегі
федералдық қызмет, Ғылымның федералдық бюджеттік мекемесі, Дезинфектология
ғылыми-зерттеу институты, Рестұтынталабқадағалау Дезинфектология ҒЗИ ҒФБМ/

«БЕКІТЕМІН»

«Мегмани Органикс Лимитед»
өндіруші сенімхаты бойынша
(Үндістан)
«Русюрфарм» ЖШҚ
бас директоры (Мәскеу)


/қол қойылған/ В.К.Сингх
«15» 08 2016 ж.
№ 2/16

«ШКВАЛ» ИНСЕКТОАРИЦИДТІК ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ
НҰСҚАУЛЫҚ

Мәскеу, 2016 ж.

Мәскеу, 2016 ж.

«ШКВАЛ» ИНСЕКТОАКАРИЦИДИТЗК ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУ
ЖӨНІНДЕГІ
НҰСҚАУЛЫҚ

Рестұтынталабақадағалау Дезинфектология ҒЗИ ҒФБМ дайындалды.

Авторлары: Костина М.Н., Шашина Н.И., Олехнович Е.И., Лопатина Ю.В.,
Рысина Т.З.

• ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

- «Шквал» инсектоарицидтік құралы (бұдан әрі -құрал) тарақандарды, құмырсқаларды, қандалаларды, бүргелерді, шыбындарды, масаларды және егеуқұйрық кенелерін түрлі санаттағы нысандарда: өндірістік, тұрғын және кісі тұрмайтын бөлмелерде, коммуналдық-тұрмыстық белгіленімдегі нысандарда (қонақ үйлер, жатақханалар, спорт кешендері), қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында (демалыс немесе санитарлық күндері), медициналық ұйымдарда қорытынды дезинсекция жүргізгенде, балалар мекемелерінде (жатын бөлме, асхана және ойнайтын бөлмелерден басқа) пайдаланудың реттелген шарттарымен, жертөле бөлмелерінде, ашық стацияларда дезинфекциялық қызметпен айналысатын, ұйым мамандарымен жоюға арналған.
- Құрал өзіндік иісі бар мөлдір емес ақ түсті түріндегі суспензия концентратын білдіреді. Әрекет етуші заттек (ӨЗ) ретінде құрамында пиретроид тобынан белсенділігі жоғары қосылыс альфациперметрин – 10 %, сонымен қатар эмульгаторлар мен еріткіш (су) – 100%-ға дейін бар.
- Құрал тарақандарға, құмырсқаларға, қандалаларға, бүргелерге, шыбындарға, масаларға, егеуқұйрық кенелеріне және жөлек кенелеріне қатысты өткір инсектоакарицидтік әрекетке, және 1-1,5 ай бойына қалдық белсенділікке ие.
- Жылы қанды ағзаларға ықпал ету дәрежесі бойынша асқазанға енгізген кезде құрал қауіптілігі орташа 3-сыныпқа, ал теріге жаққан кезде МЕМСТ 12.1.007-76 бойынша қауіптілігі аз құралдардың 4-сыныбына жатады. Теріге бір мәрте ықпал еткен кезде орташа тітіркендіру әрекетіне ие. Әлсіз көрінетін сезімталдық әрекеті анықталды. Көздің шырышты қабығына ықпал еткен кезде құрал тітіркендіреді. Сулы жұмыс суспензиялары (ӨЗ бойынша 0,05%) көздің шырышты қабығын тітіркендіреді; ұшпалылық дәрежесі бойынша қауіптілігі аз заттектердің

4-классына жатады. Өткір биоцидтік әсер аймағы бойынша пайдаланудың ұсынылған тәртібінде (аэрозоль +булар, сулау тәсілі) құрал қауіптілігі жоғары заттектердің 2-классына жатады. Аэрозольдің бір мәрте ингальциялық ықпалында құралдың 0.1 % су суспензиясы өткір биоцидтік әсер аймағы бойынша қауіптілігі жоғары заттектердің 2-классына ($Z_{ac.bioc.eff} = 15$) жатады, жеделдеу биоцидтік әсер аймағы бойынша ($Z_{subac. bioc.eff} \Rightarrow 10$) – дезинсекция құралдарының қауіптілік дәрежесінің Сыныптамасы бойынша қауіптілігі аз құралдардың 4-классына жатады.

Жұмыс аймағының ауасындағы альфациперметриннің ШҰШ $0,1 \text{ мг/м}^3$ (булар+аэрозоль; қауіптіліктің 2-классы) тең.

2. Жұмыс суспензиясын дайындау

2.1. Сулы жұмыс суспензияларын тура пайдалану алдында дайындайды. Бұл үшін құралды жақын маңдағы су айдындарының құбыр немесе сүзілген суымен 5 минут бойына үздіксіз және тегіс бұлғап араластырады (Кесте). Дайын суспензияны 6 сағат ішінде қолдану қажет.

2.2. Құралды жағу үшін ерітінділер мен инсектицидтер эмульсияларын сыртқы беттер бойынша шашуға арналған, кез келген бүріккіш аппаратты қолданады (автоматстар, ұсақ тамшылы аспалы бүріккіштер, ірі тамшылы көплитражды бүріккіштер, аз және микролитражды бүріккіштер, салқын немесе ыстық аэрозольді генераторлар (соның ішінде «ГАРД» бөлшектерінің реттемеленетін дисперстілік аэрозольдердің генераторлары), механикалық тарту күшіндегі бүріккіштер). Негізгі шарт – сыртқы бетті түгел жұмыс эмульсиясымен тегіс жабуды қамтамасыз ету.

2.4. Табиғи стацияларды өңдеу кезінде 20-150 мкм тамшы салмақты медианалық диаметрлі ұсақ тамшылы аппаратураны қолданады. Егер жағдай мүмкіндік берсе, аумақты өңдеу кезінде аппаратты автомобильдерде қолдануға болады.

Артық мөлшерлеуге рұқсат етіледі.

Кесте

Жұмыс суспензиясын дайындауға қажетті,

«Шквал» құралының мөлшері

Буын аяқтылар тобы	ӨЗ бойынша шоғырлануы (%)	Препаративті нысан бойынша жұмыс суспензиясының (%) шоғырлануы	Құрал мөлшері (г) суға (л)	
			1	10
Тарақандар	0,0500	0,500	5,00	50,0
Төсек қандалалары	0,0250	0,250	2,50	25,0
Бүргеле	0,0125	0,125	1,25	1,25
Құмырсқалар	0,0125	0,125	1,25	12,5
Шыбындар (имаго)	0,0250	0,125	2,50	25,0
Шыбындар (дернәсілдер)	0,0500	0,500	5,00	50,0
Масалар (имаго)	0,0125	0,125	1,25	12,5
Масалар (дернәсілдер)	0,0010	0,010	0,10	1,0
Егеуқұйрық кенелері	0,0500	0,500	5,00	50,0
Ixodes кенелері	0,0200	0,200	2,00	10,0
	0,0300	0,300	3,00	15,0
Dermacentor, Haemaphysalis кенелері	0,0500	0,500	5,00	25,0

2.5. Құралдың шығын нормасы 50 мл/м² (сыртқы беті ылғалды сіңірмейді) және 100 мл/м² (сыртқы беті ылғалды сіңіреді). Өңделген сыртқы беттерден құралды (ылғалды тәсілмен-бидай шүберекпен) қолданған соң 24 сағаттан кейін, алайда нысанды белгіленім бойынша қолдануға дейін 3 сағаттан кешіктірмей жинайды.

Басқа жерлерден – 4-6 аптадан соң - құрал тиімділігін жоғалтқаннан кейін. Қайталап өңдеу энтомологиялық көрсеткіштер бойынша: жәндіктер немесе кенелер пайда болған кезде.

3. Бөлмеде буын аяқтыларды жою үшін құралды пайдалану

3.1. Тарақандарды жою

3.1.1. Тарақандарды жою үшін жәндіктер табылған, оқшауланған жерлерде және жүру жолдарында сыртқы беттерді таңдап өңдеп, 0,05 % (ӨЗ бойынша) сулы жұмыс суспензиясын қолданады. Қабырғадағы тесіктерге және саңылауларға, есік қораптарына, табалдырықтарға, ернеуліктер жанына, қаптамаларда, сонымен қатар желдеткіш тартпа көмейлерге, су жүргізетін, жылытқыш және кәріз құбырларының жіктеріне және кәріз жүйелеріне ерекше назар аударады.

3.1.2. Өңдеуді бір мезгілде тарақан жайлаған бүкіл бөлмелерде жүргізеді. Көп және өте көп мөлшерде болса, алдын алу мақсатында іргелес бөлмелерді: көшіп-қонуды және бұдан кейін онда тарақандардың қоныстануын болдырмау үшін өңдейді.

3.2. Құмырсқаларды жою

3.2.1. Сары үй құмырсқаларын жою үшін олардың жүру жолдарын («сүрлеу») немесе олардың жиналған жерлерін өңдейді. Бөлмеге жиі кіріп кететін, құмырсқалардың басқа түрлерін жою үшін (бау-бақшаның алуан түрлері) – табалдырықтарды, іргетас төсенішін, бау-бақша жолдарын өңдейді. ӨЗ бойынша 0,01235% сулы жұмыс суспензиясын қолданады.

3.3. Төсек қандалаларын жою

3.3.1. Қандалаларды жою үшін құралдың 0,025% (ӨЗ бойынша) сулы жұмыс суспензиясын қолданады. Бөлмеде төсек қандалалары азғантай қоныстанған жағдайда олардың мекендейтін орындары ғана өңделеді; көп қоныстанған және қабырғаларды құрғақ сылақпен қаптаған жағдайда олардың жеке-жеке орналасуы ықтимал жерлері де өңдеуге жатады: ернеулік, жиек жанындағы тесіктер, тұсқағаздардың қалып қойған жерлері, есік, терезе жақтаулары және желдеткіш торларының айналасы, қабырғадағы, жиһаздағы тесіктер, сондай-ақ кілемнің сырт жағы.

3.3.2. Бүкіл бөлменің бір мезгілдегі өңдеуін жәндіктердің жиі кіруі ықтимал тек қана жатақханаларда жүргізеді.

3.4. Бүргелерді жою

3.4.1. Бүргелерді жою үшін қабырғаларды (1 м биіктікке дейін), линолеум мен ернеуліктердің қалып қойған орындарындағы еден беттерін, ернеулік сыртындағы тесіктерді, кілемдерді, төсеніштердің сырт жағын өңдеп, 0,0125 % (ӨЗ бойынша) сулы жұмыс суспензиясын қолданады.

3.4.2. Қоқырсыған жертөлелерді өңдеу кезінде бұл бөлмелерді алдын ала қоқыстан тазартады, ал кейін – мұқият суландырады.

3.5. Шыбындарды жою

3.5.1. Шыбындардың бөлме немесе басқа түрлерінің имагосын жою үшін бөлмелерде шыбындардың қонатын орындарын, сонымен қатар құрылыстың сыртқы қабырғаларын, қоқыс жинағыштарды, қоқыс камерасын және ауладағы

қондырғыларды суландыратын, 0,025% (ӘЗ бойынша) сулы жұмыс суспензиясын қолданады.

3.5.2. Суспензияны шығындау нормасы шыбындардың мөлшері мен өңделетін сыртқы беттің типіне байланысты 50-100 мл/м² құрайды.

3.5.3. Шыбын дернәсілдерінің көбею орындары нысандардың айналасында орналасқан (күрелген қоқыс төгетін орындар, қоқыстар, тағам қалдықтары), сонымен қатар қанаттанған шыбындардың ұшуын және олардың бөлмеге ұшып кіруін болдырмау үшін шоғырлануын 0,05% (ӘЗ бойынша) сулы жұмыс суспензиясымен 10-14 күнде 1 рет аралықпен суландырады.

3.5.4. Субстраттың 50 см-ге дейінгі қалыңдығында жұмыс суспензиясының шығыны 5 л/м² құрайды. 3-5 м тереңдіктегі қоқыс төгетін орындарды өңдеу кезінде шығынды тереңдігіне байланысты 10-12 л-ге дейін көбейтеді. Үй жануарларының жиналған тезегін және үйінділердегі субстратты өңдеу үшін, егер дернәсілдері беткі қабатта шоғырланған болса, шығын 2 л құрайды.

3.6. Масаларды жою

3.6.1. Масалардың имагосын жою үшін бөлмелердегі масалардың қонатын жерлерін, сонымен қатар құрылыстың сыртқы қабырғаларын немесе ыссы кездерде масалар жасырынатын, қоқыс контейнерлеріне арналған қоршаудың ішін суландыратын, 0,0125% (ӘЗ бойынша) сулы жұмыс суспензиясын қолданады.

3.6.2. Масалардың дернәсілдерін жою үшін масалардың дернәсілдері көбеетін, балық шаруашылығына жатпайтын мәндегі ағыссыз табиғи ашық суқоймалары мен қала суқоймаларын: тұрғын үй жертөлелері, ағын сулар, өрт сыйымдылықтарының сыртқы беттері бойынша тегіс шашырататын, 0,001% (ӘЗ бойынша) сулы жұмыс суспензиясын қолданады.

3.6.3. Судың қатты ластану дәрежесінде құралдың шоғырлануын екі есе көбейтуге (ӘЗ бойынша 0,002 % -ға дейін) болады.

3.6.4. Шығын нормасы – 1 м² судың бетіне 100 мл.

3.7. Егеуқұйрық кенелерін жою

3.7.1. Егеуқұйрық кенелерін жою үшін тар жолдарды, түрлі коммуникация құбырларын, ернеуліктерді, қабырғаларды және солардың жанындағы едендерді, сонымен қатар кенелердің жиналуы мүмкін – жылыту аспаптары мен жылытқыш коммуникациялардың жанындағы қабырғалардың және едендердің жылытылатын учаскелерін, жиһаздың төменгі бөлігін, жәшіктерін қоса алғанда, тұтас өңделетін, жұмыс үстелдерін суландыратын, 0,05 % (ӘЗ бойынша) сулы жұмыс суспензиясын қолданады. Артынан кеміргіштер жылжи алатын, қуыс төсемдер бар болған жағдайда, төбелер мен қабырғалар да өңдеуге жатады.

3.7.2. Өңделетін сыртқы беттің типіне байланысты шығын нормасы 50-100 мл/м² сулы жұмыс суспензиясын құрайды.